

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 1546 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 қазанда № 9481 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Компания "САЛАМАТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "Өз жер учаскесіне кіреберіс жолын салуды ұйымдастыру үшін" объектісі бойынша көлік инфрақұрылымы объектілерін жүргізу мен пайдалану мақсатында Қостанай қаласы, Дружба көшесі, 38 мекенжайы бойынша орналасқан жалпы алаңы 0,0094 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

К. Ахметов